

"Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті мен инвестордың арасында жасалған келісім-шартты тіркеудің тәртібі туралы нұсқаулықты" және "Келісім-шартты тіркеу туралы куәліктің" нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті 1997 жылғы 28 наурыздағы N 5 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 15 қазанда тіркелді. Тіркеу N 400. Күші жойылды - ҚР Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 30 наурыздағы N 23-п бұйрығымен. ~V011486

"Тікелей "Инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы"

Z970075_

1997

жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Инвестордың арасында жасалған келісім-шартты тіркеудің тәртібі туралы нұсқаулық" және "Келісім-шартты тіркеу туралы куәліктің" нысаны бекітілсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы
инвестициялар жөніндегі
мемлекеттік комитетінің
1997 жылғы 28 наурыздағы
N 3 қаулысымен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі
мемлекеттік комитеті мен Инвестордың арасында
жасалған келісім-шартты тіркеудің тәртібі туралы

НҰСҚАУЛЫҚ

Осы нұсқаулық "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Z970075_ 1997 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының негізінде және оны орындау үшін әзірленді және Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті (бұдан әрі - Комитет) мен бекітілген инвесторлардың (бұдан әрі - инвестор) арасында жасалған келісім-шарттарды (оның ішінде тіркелген келісім-шарттарға өзгерістер мен толықтыруларды) тіркеудің тәртібін айқындайды.

1. Келісім-шарттарды тіркеудің мақсаты

Комитет пен инвестордың арасындағы келісім-шартты (бұдан әрі - келісім-шарт) тіркеу:

келісім-шарттың жасалу фактісін ресми растау және Комитет атынан инвесторға Қазақстан Республикасының белгіленген жеңілдіктері мен преференцияларын беру;

келісім-шарттың күшіне ену күні белгілеу және келісім-шарттың қолданылу мерзімін айқындау;

жеңілдіктер мен преференциялар берілген инвесторларды есепке алу үшін келісім-шартқа тіркеу нөмірін беру;

инвестициялық жобаның жүзеге асырылуын бақылау;

мемлекеттік қадағалау, тіркеу және статистика органдарына берілген жеңілдіктер мен преференцияларды және олардың қолданылу мерзімін көрсете отырып тіркелген келісім-шарттардың саны туралы ақпарат беру мақсатында жүргізіледі.

2. Тіркеу мерзімі

Келісім-шартты Комитет пен инвестор қол қойған сәттен бастап он бес күннің ішінде Комитеттің әкімшілік, тіркеу және бақылау Дирекциясы тіркеуі тиіс. Келісім-шартты тіркеу үшін белгіленген нысанда өтінімде көрсетілген құжаттар мен Комитеттің инвестициялық өтінім мен келісім-шартқа сараптама

ұйымдастыру және оны жүргізу жөніндегі (оның ішінде сарапшылардың қызметін

пайдаланғаны үшін) шығындарын инвестордың өтегенін растайтын құжаттардың болуы қажет.

3. Келісім-шарттың күшіне ену күні

Келісім-шарт, егер келісім-шартта күшіне енуінің өзге, кешірек мерзімі көзделмесе, Комитеттің әкімшілік, тіркеу және бақылау Дирекциясында тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

4. Келісім-шартқа өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу

Келісім-шартқа өзгерістер мен толықтырулар осы нұсқаулықтың 2 және 3-бөлімдерінде белгіленген тәртіппен тіркелуі тиіс.

5. Келісім-шартты тіркеу туралы куәлік

Келісім-шартты тіркеу туралы куәлік Комитет пен инвестордың арасында жасалған келісім-шарттың тіркеу фактісін растайтын құжат болып табылады, Келісім-шартты тіркеу туралы куәлікте:

- келісім-шарттың тіркеу нөмірі;
- келісім-шарттың жасалған күні мен қолданылу мерзімі;
- инвесторға берілген жеңілдіктер мен преференциялар;
- берілген жеңілдіктер мен преференциялардың қолданылу мерзімі;
- берілген заттық гранттар көрсетіледі.

Инвесторға заттық гранттар бөлінген кезде келісім-шартты тіркеу туралы куәлікке заттық гранттар ретінде берілетін мүлік пен мүліктік құқықтарды тәптіштеп сипаттайтын құжаттар қоса беріледі.

Инвестормен келісім-шартты тіркеу туралы куәлік аталған инвестордың онда көрсетілген жеңілдіктер мен преференцияларды алуын куәландыратын ресми құжат болып табылады.

6. Келісім-шартты тіркеуден бас тарту

Комитеттің әкімшілік, тіркеу және бақылау Дирекциясы келісім-шартты мынадай жағдайларда:

- инвестордың Комитетке берген кез келген мәліметтерінде елеулі фактілерді

бұрмалағаны немесе жасырғаны анықталғанда;

инвестор Қазақстан Республикасының заңдарын бұзғанда;

инвестор осы нұсқаулықтың 2-бөлімін бұзғанда тіркеуден бас тарта алады.

Бас тарту анықталған жолсыздықтарды жою мерзімі көрсетіліп жазбаша нысанда ресімделеді.

Инвестор мен Комитеттің арасында келісім-шартты тіркеуден бас тартуға байланысты туындаған даулар көбіне келіссөздер жүргізу жолымен, оның ішінде тәуелсіз сарапшыларды тарата отырып шешіледі.

Егер Комитет пен инвестор келісім-шартты тіркеуден бас тартудың құқықтылығы туралы дауды реттеу бойынша келіссөздердің нәтижесінде өзара қабылданымды шешімге келе алмаса, онда келісім-шартты тіркеуден бас тартуға инвестор Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауы мүмкін.

7. Келісім-шартты тіркеу туралы ақпаратты жариялау

Келісім-шарт тіркелген соң Комитеттің жарнама және үйлестіру Дирекциясы он күн ішінде тиісті мемлекеттік және жергілікті органдарды келісім-шарттың тіркелгені туралы хабарландырады және бір айдың ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жобаға салым сомаларын және құрылатын жұмы орындарының санын көрсетіп Комитетте тіркелген келісім-шарттардың тізбесін жариялайды.

Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі

мемлекеттік комитеті

Келісім-шартты тіркеу туралы

КУӘЛІК

_____ 199 ж. " ____ " _____
(келісім-шарттың тіркеу нөмірі)

Осымен Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті мен _____ арасында жасалған келісім-шарт тіркеледі. КҰЖК коды _____

_____ Инвестициялық жобаның атауы және оны жүзеге асыру орны _____

Келісім-шарттың қолданылу мерзімі _____

Берілген мемлекеттік заттық гранттар _____

Қолданылу мерзімі _____

Табыс салығы бойынша берілген жеңілдіктер _____

Қолданылу мерзімі _____

Жер салығы бойынша жеңілдіктер _____

Қолданылу мерзімі _____

мүлікке салынатын салық бойынша берілетін жеңілдіктер _____

Кеден бажы бойынша берілген жеңілдіктер _____

Қолданылу мерзімі _____

Лауазымы

М.О. _____

(қолы)

лауазымды адамның аты-жөні